

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. E.Aronson,S.Patnoe,. The jigsaw classroom: building cooperation in the classroom. 2nd ed. New York: Longman.1997. P.185-190.
2. I.Boghian,Methodological Guide for language students and language teachers: English, French, Romanian. Cluj-Napoca: House of Science Book. 2018.P.95-99.
3. I.Cerghit, Methods of education. București: Didactic and Pedagogical Publishing House. 1997. P. 139-172.
4. 4.V.M. Cojocariu,The theory and methodology of instruction. București: DidacticandPedagogicalPublishingHouse.2004. P.126-130.

ӘОЖ 371

ОНЛАЙН БІЛІМ БЕРУ ПЛАТФОРМАСЫНДА МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ

Сұлтанғазы Аружан Серікқызы

sultangazy.a@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Механика-математика факультеті

Алгебра және геометрия кафедрасы

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Дуйсенғалиева Б.А.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялар өміріміздің ажырамас бөлігіне айналуына байланысты білім беру кеңістігінде де оның қолданысқа ену аясы дамып, өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Заман алға басқан сайын қазіргі жас ұрпақ цифрлық ортаға көбірек еніп келеді, ал білім беру жүйелері оқушылардың күнделікті әдеттеріне бейімделуі қажет.

XXI ғасырда цифрлық ортаға қарқынмен ену басталғандықтан қазіргі уақытта онлайн білім беру платформаларына сұраныс артып отыр. Олардың кез келген уақытта тиімділігі мен білім беру барысында әдеттен тыс жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалануы білім сапасының артуына септігін тигізеді.

Онлайн режимі әдеттегі форматқа қарағанда білім беру мазмұнының әлдеқайда кең ауқымына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Әлемнің жетекші университеттерінің жаппай курстарын өткізетін үлкен онлайн платформалар (Coursera, Stepik және басқа да ұқсас жобалар) әлемнің кез келген нүктесінде дәріс тыңдауға мүмкіндік береді. Мұндай платформалар пайда болғанға дейін ондай мүмкіндік болмаған еді. Енді әртүрлі мұғалімдер өз дәріс курстарын тек жергілікті оқушылар үшін ғана емес, сонымен қатар әлемнің түкпіріндегі оқушылар үшін де енгізе алады. Бұл білім беру аясының мүмкіндігін барынша кеңейтеді.

2019 жылдан бастап онлайн білім беру платформаларының маңыздылығы арта түсті. Ел жаппай қашықтықтан білім алуға көшкен уақытта онлайн білім беру платформалары маңызды рөл атқарып, көптеген процестерді жеңілдетті. Онлайн білім беру платформасы шын мәнінде оқу материалдарын орналастыратын орын ғана емес, сонымен қатар мұғалім мен оқушылар арасында байланыс орнататын сайт.

Онлайн білім беру платформасы – бұл студент пен мұғалім арасындағы делдал қызметін атқаратын интернетте орналастырылған ақпараттық кеңістік немесе интернет арқылы оқудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін сілтеме деп айта аламыз.

Платформа сонымен бірге оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас орнатушы, оқу үдерістерінің үйлестірушісі және онлайн оқыту сапасын басқару мен жақсартуға арналған құралдар жиынтығы болып табылады.

Оның бірнеше мүмкіндіктері бар:

1. Байланыс арнасы, яғни мұғалім мен оқушы арасында үздіксіз кері байланыс жүзеге асылырып отырады;
2. Мәліметтер қоймасы, сіз кез келген тақырып бойынша ақпаратты білім беру платформасына орналастыра аласыз;
3. Оқу құралы, оқушылар бейнероликтер мен дәріс конспектілерін оқу арқылы білім алады;
4. Алынған білімді тексеру мүмкіндігіне ие платформа, яғни әр тақырыптан кейін оқушының берілген материалды қаншалықты игергендігі туралы тест арқылы біле аласыз.

Білім беру платформасында курс авторы жүктеген барлық оқу материалдары серверде сақталады. Платформалық бағдарламалық қамтамасыз ету авторға курсты өзіне қолайлы етіп реттеуге және студенттерге қолжетімді түрде сабақтарды тамашалауға мүмкіндік береді.


Оқу платформаларын пайдалану авторға сабақтарға қолжетімділікті ашу, үй тапсырмасын тексеру, статистиканы талдау, студенттерге кері байланыс жасау және т.б. сияқты монотонды процестерді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, платформада жасалған курсты пайдаланушылар саны шексіз. Платформаның қосымша мүмкіндіктері онлайн мектептердің тиімділігін арттырады. Мысалы, геймификация студенттердің оқуға деген ынтасын ұлғайтады, онлайн тестілеу мұғалімнің жұмысын жеңілдетеді және студент білімін бейтарап бағалауға мүмкіндік береді.

Білім беру платформасының тигізер пайдасы:

- Білім беру платформасында оқу оңай әрі қолжетімді;
- Кез келген оқушы пайдалана алады;
- Оқытуда жаңа әдістерді қолдану мүмкіндігі;
- Оқушымен байланысқа шығудың жеңілдігі;
- Монотонды және күнделікті процестерді оңтайландыру және автоматтандыру;
- Жаңа әдістерді пайдалану арқылы оқушылардың ынтасы мен қызығышулығының артуы;
- Арнайы белгіленген уақыттың болмауы, икемді график;
- Пайдаланушылар санының шектеусіздігі;
- Бейнесабақтарды бірнеше мәрте көру мүмкіндігі, тақырыпты бекітуде қолайлы болып табылады.


Қазіргі таңда қолданысқа ие онлайн білім беру платформалары өте көп. Солардың бірі Stepik платформасы (1-сурет).

Stepik – оқу материалдарын орналастыратын, көп мүмкіндіктерге ие икемді платформа.



1-сурет. Stepik платформасы

Stepik платформасы білім беру аясында қолдануға болатын өте ыңғайлы платформа болып табылады. Мұнда қолданушылар білім алып қана қоймай, өздерінің сабақтарын енгізіп білім бере алады. Бүгін платформада білім алушылар саны 7000000 құрайды, сонымен қатар платформаның IOS және Android үшін мобильді қосымшасы қарастырылған, оны Play Market және App Store қосымшаларынан жүктеп алуға болады (2-сурет).




2-сурет

Білім беру саласында 9 жыл ішінде мыңдаған авторлар пайдаланатын ең жақсы курстар әзірледі. Платформада ақылы және тегін курстарды жасауға болады. Кез келген автор сату бағасын рубльмен немесе доллармен орналастыра алады. Платформа шағын комиссия алады, төлемдерді қабылдайды және өңдейді. Ақылы курстарды құрудың барлық функциялары қолжетімді. Тегін курстарды кез келген пайдаланушы құра алады, алайда тек негізгі функциялар ғана қолжетімді болады.


Stepik платформасында өз сабағыңызды енгізу өте оңай, әрі түсінікті. Тапсырмалардың 20-дан астам түрі бар, соның ішінде рандомизацияланған деректер жиыны, бағдарламалау тапсырмалары және т.б. Ашық сұрақтарға, мысалы, математикалық дәлелдемелерді тексеруге арналған рецензия қолжетімді.

Степик платформасында курсты қалай жасайды?


1. Басты бетте «Преподавание» бөлімін таңдайсыз.
2. «Создать курс» тетігін басасыз.



3. Тегін немесе ақылы курс жасауды таңдайсыз.
4. Тіркелу терезесі шыққан соң, мәліметтерді енгізіп тіркелесіз.
5. Курстың атын енгізесіз.



6. «Редактировать» батырмасын басып, курстың мазмұнының өңдейсіз.



7. Әр сабаққа конспект, бейнеролик, тест, сәйкестендіру тесті, ашық сұрақ және т.б. 20-дан аса тапсырмалар түрін орналастырсаңыз болады.
8. Курс дайын болғаннан кейін «Опубликовать» батырмасын басып, курсты сайтқа жариялайсыз.

Курсты жариялаған кезде, сізге сілтеме ретінде курспен бөлісуге болады. 20 пайдаланушы курсқа тіркелгеннен кейін ғана, курс Stepik платформасында жарияланады. Сонымен қатар, сіз сілтеме арқылы өзіңіздің сыныбыңызды құра аласыз және сол бойынша оларға бақылау жүргізе аласыз.

Жыл сайын онлайн білім алу ауқымы кеңейе түсуде, ал әдеттегі офлайн тәжірибелер барған сайын цифрлық сипатқа ие болуда. Қазіргі таңда математика сабағында арнайы көрнекіліктерді пайдаланбай, цифрлық технологияларға жүгінбей білім беру процесін жүргізу мүмкін емес. Ал осы орайда, онлайн білім беру платформалары өте тиімді болып табылады. Stepik платформасында орналастырылған курста «Тригонометрия» бөлімі қарастырылған және осы бөлім тақырыптары бойынша барынша көрнекі түрдегі бейнероликтер, тақырыпты жеңіл түрде игеруге болатын мнемотәсілдер, әдеттегі форматтан өзгеше тапсырмалар қарастырылған. Бұндай ерекше форматта өтетін сабақтар оқушыларды қызықтырмай қоймасы анық.

Жақсы онлайн оқу платформасы өз пайдаланушысына мектебін бірегей ету үшін көптеген мүмкіндіктер береді. Онлайн оқыту платформасының пайдасы өте көп. Бұл сіз таңдаған қызметке және курс мақсатына жету үшін белгілі бір мүмкіндіктің қажеттілігіне байланысты болады. Сондықтан, платформаны таңдағанда, сізге қажет функцияларға ерекше назар аударған жөн.

Stepik – онлайн білім алуға арналған тамаша платформа. Студенттер топта тақырыпты зерттей алады, зерттеулерін қорытындылай алады және емтиханға дайындалу үшін пайдалана алатын сұрақ-жауаптарды қоса алады. Курстың соңында автоматтандырылған жаттығуларды қоса алғанда, құрастырылған материалдардың көлемі өте зор. Мазмұнның әрбір бетінің астындағы пікірталас форумы профессор мен басқа студенттерге курс бойы жарияланған материалдарға түсініктеме беру немесе түзету үшін өте пайдалы.

Заманауи қоғамның тіршілігінде цифрлық технологиялардың маңызы күннен күнге артып отыр. Сол себепті білім беру жүйесін жаңа форматта, цифрлық технологияларды қолдану жолымен дамыту маңызды. Білім беру ұйымдарын жаппай цифрландырудың

маңызы болашақ ұрпақтың кез келген салада ақпараттық сауаттылығын арттырып, шеберліктерін шыңдап, жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл – білім сапасын арттыру, оқыту үдерісін қолжетімді ету, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың байланыстарын жеңілдету тұрғысынан да өзекті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. <https://strategy2050.kz/news/bilim-beru-salasyin-tsifrandyrudy-ma-yzy/>
2. <https://welcome.stepik.org/ru>
3. <https://antitreningi.ru/info/e-learning/platforma-dlya-online-obucheniya/>

ӘОЖ 371

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ-МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

Таштемирова Салтанат Искандаровна

t_salta97@mail.ru

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, физика, математика және цифрлық технологиялар институтының магистранты, Алматы, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі - Кокажаева А.Б.

Аннотация. Мақалада мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін заманауи оқу-әдістемелік кешендерді құрудың құрылымы мен технологиясы мәселесі қарастырылған.

Тірек сөздер: негізгі құзыреттілік, функционалдық сауаттылық, үшөлшемді әдістемелік оқыту жүйесі, критериалды бағалау жүйесі.

Аннотация. В статье рассматривается вопрос структуры и технологии создания современных учебно-методических комплексов по развитию функциональной грамотности школьников.

Ключевые слова: ключевые компетенции, функциональная грамотность, технология трехмерной методической системы обучения, критериальная система оценки.

Annotation. The article deals with the issue of the structure and technology of creating modern educational and methodological complexes for the development of functional literacy of schoolchildren.

Key words: key competencies, functional literacy, technology of a three-dimensional methodical system of education, criteria-based assessment system.

"Функционалдық сауаттылық - бұл адамның өмір бойы алған білімін адам қызметінің, қарым-қатынастың және әлеуметтік қатынастардың әртүрлі салаларындағы өмірлік міндеттердің кең ауқымын шешу үшін пайдалану қабілеті".

Бұл анықтама PISA халықаралық салыстырмалы зерттеу бағдарламасында – 15 жастағы мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын зерттеуде қарастырғанға сәйкес келеді.

Осы зерттеудің негізгі зерттеу аумағы: "15 жастағы білім алушылардың қоғамда толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті дағдылар мен қабілеттер бойларында бар ма?".

Зерттеу негізінен алынған білім мен дағдыларды өмірдің әртүрлі мәселелерін шешу үшін пайдалану қабілетін бағалайды. Зерттеудің негізгі бағыттары: оқу сауаттылығы, математикалық және жаратылыстану.

Әрбір PISA тапсырмасы - бұл өмірде кездесетін кейбір жағдайларды сипаттайтын жеке мәтін. Мәтінге әр түрлі деңгейдегі бір мен алты аралығында тапсырмалар беріледі.